

Семей Мемлекеттік Медицина Университеті
Инфекциялық аурулар кафедрасы

СӨЖ

Тақырыбы: Науқастарды тасымалдау

Орындаған: Карменова А.Қ.
124– топ, ЖМФ
Тексерген: Аукенов Н.Е.

Семей 2011



ЖОСПАР

1. Кіріспе
2. Негізгі бөлім
 - 2.1. Науқастарды зембілмен, каталкамен, кресло-каталкамен тасымалдау.
 - 2.2. Ауыр науқастарды каталкадан төсекке тасымалдау.
 - 2.3. Науқастарды ауыстырудағы носилкалар мен төсектердің орналасуы.
 - 2.4. Ауыр жарақат алған науқастарды тасымалдау.
3. Қорытынды.



Ауыр науқасты қарау кезінде мейірбикеге науқастың қауіпсіздігі үшін үлкен жауапкершілік жүктеледі. Бұл науқасты төсекпен, каталкамен, кресло-каталкамен, зембілмен тасымалдау, ал тасымалдау құралдары жоқ жағдайда науқасты бір, екі не үш медициналық жұмыскерлердің көмегімен қолмен көтеріп тасымалдау. Тасымалдаудың түрін науқастың жағдайына қарай дәрігер анықтайды.

каталкамен тасымалдау





АУЫР ЖАРАҚАТ АЛҒАН АДАМДЫ ҚАЛАЙ ТАСЫМАЛДАУҒА БОЛАДЫ



Зардап шеккен адамды бүктетілмейтіндей,
әсіресе мойны мен бас жағы бүгілмейтіндей етіп
өте сақтықпен көтеріңіз.


Екінші біреу зардап шеккен адамның астына
зембілді жылжытып салсын.

Басқалардың көмегімен зардап шеккен адамды
зембілдің үстіне ептеп көтеріп салыңыз.










Науқасты ауыстырғандағы носилкалар мен төсектердің орналасуы

**1 – параллель, 2 – бұрышпен,
3 – тізбектей, 4 – тигізіп.**

Науқасты тасымалдау ыңғайлы болу үшін каталканы төсекке қатысты тура бұрышпен (№2), тізбектей және тигізіп қоюға болады (№3, 4).





Тығыздап қабатталған киімдер



a



б



В

■ Науқас қатты ауыр жағдайда болса, оны каталкаға кемінде 3 медбике көтеріп жатқызуы керек. Екі медбике бір жағынан, ал үшінші медбике – екінші жағынан науқасты жайлы жатқызғансоң оның кеудесін көрпемен жауып, отделенияға апарады.



Зембілмен тасымалдау кезінде науқастың қауіпсіздігі жайлы естен шығармау және кейбір ережелерді сақтау керек:

- Науқас болатын жайттың барлығынан хабардар болуы керек;
- Науқасты құлатып алмастай көлденең күйде ұстап тұрып носилканы абайлап көтеріп қою керек;
- Науқастың басын алдыға ұстап носилканы теңселтпей қысқа (адыммен) жүру керек;
- Артта келе жатқан адам науқастың жағдайын бақылап оның жай-күйі жайлы сұрастыруы керек;
- Сатымен жоғары зембілді бас жағымен алға қарай, төменгі жағын көтере, көлденең қалыпта ұстай отырып шығару керек;
- Сатымен төмен түсіргенде – аяғымен төмен қарай, зембілдің аяқ жағын көтере отырып тасымалдау керек;
- Егер медперсоналдың қайсібірі шаршаса, онда ол туралы басқа мейірбикелерге дереу хабарлауы керек, тоқтап жерге зембілді қояды, әйтпесе қолдың шаршаған саусақтары босаңсып зеңбіл құлауы мүмкін.





кресло - каталка





Тасымалдаудың
ыңғайлырақ түрі болып
табылады. Науқасты
каталкаға ауруының
және зақымдануының
сипатына қарай
ыңғайлылап жатқызады.
Бұлай жатқызу дене
бұлшықеттерінің толық
босаңсуына науқастан
қосымша күш талап
етпей-ақ мүмкіндік
береді және
тасымалдауға ең
қолайлы жағдайларды
камтамасыз етеді

Кресло-каталканы да қолдануға болады. Қауіпсіздік мақсатында науқасқа кресло-каталкаға қалай дұрыс отыру керектігін түсіндіру керек:

- Кіші мейірбике аяқ тұғырына аяғымен басып кресло-каталканы алдына еңкейтеді;
- Науқасты аяқ тұғырына тұруға сұраңыз, содан соң науқасты сүйеп креслоға отырғызыңыз;
- Кресло-каталканы негізгі орынына келтіріңіз;
- Кресло-каталканың арқасының сыртындағы рамкалардың көмегімен науқасқа қажетті жағдайды (отыру немесе жартылай жату) орнату керек;
- Тасымалдау кезінде науқастың қолының кресло-каталканың сыртына шығып кетпеуін қадағалаңыз;
- Науқастың палатадағы төсекке отыруына көмектесіңіз;
- Кресло-каталканы дезинфицирлеңіз.

Каталкалар және зембілдер сырты кленкамен қапталған және шытпен тысталған матрацтармен жабдықталуы керек, басына жастық қойылады. Науқасты жыл мезгілдеріне қарай (суық уақытта – көрпемен, жылы уақытта – шытпен) жабу керек. Науқасты тасымалдаудың ерекшеліктері аурудың түріне және оны жоюдың сипатына байланысты болады.

Мысалы, миына қан кеткен науқастарды зембілге арқасымен жатқызып салып тасымалдайды. Ессіз жатқан науқасты тасымалдағанда, құсқан кездегі құсығы тыныс алу жолдарына түспес үшін оны жанымен жатқызады.

Жүрек қан-тамырлар жетіспеушілігі бар науқастарды қатты еңтігуіне байланысты жартылай отырғызып тасымалдайды. Жедел миокард инфаркты бар науқастарды абайлап еппен тасымалдау қажет. т.с.с.

Ауыр науқастарды **каталкадан төсекке тасымалдауды** білу қажет. Каталканы төсектің жанына науқасты ыңғайсыз және қажетсіз қозғалыстар арқылы мазаламайтындай етіп қалай дұрыс қою керектігін алдын-ала ойластыру қажет. Каталканы төсекке каталканың басы төсектің аяғына сәйкес келетіндей етіп параллель орналастырады. (№1) Медперсонал науқасқа қарап зембіл мен төсектің арасына тұрады, екеулеп немесе үшеулеп науқасты көтереді және 1800-қа бұрылып оны төсекке жатқызады.



Науқасты кушеткадан каталкаға және кері жатқызу кезінде үшеулеген қолайлы болады.


1.Каталканы кушеткаға көлденең қойыңыз - каталканың бас жағын кушетканың аяқ жағына

2.Үшеуі де науқастың бір жағында тұрады:

а) біреуі - науқастың басы мен жауырыны астына қолдарын салады;

ә) екіншісі - жамбас пен санның жоғарғы жағынан;

б) үшіншісі - санның орта жағынан және балтырынан



3. Науқасты көтеріп, каталкаға 90° жағына айналыңыз.

4. Науқасты каталкаға жатқызып, үстін жабыңыз.

5. Бөлімшеге халі нашар науқас жіберілгені туралы хабарлаңыз.

6. Науқасты, оның медициналық картасын бөлімшесіне медициналық қызметкерімен шығарып салғанда жіберіңіз.

7. Бөлімшеде каталканың бас жағын төсектің аяқ жағына келтіріңіз, науқасты үшеулеп көтеріп 90° айналып, төсекке жатқызыңыз. Егер каталка болмаса 2-4 кісі зембілді қолымен апарады.

Басқышпен төмен қарай науқасты аяғымен алдына апарады, әрі алдыңғы жағын сәл көтереді. Басқышпен жоғары қарай, науқасты баспен алдына апарады.



Зардап шеккен адамды тасымалдап алып жүрген кезде аяқ жағы бас жағынан жоғарырақ жатқаны дұрыс, тіпті таулы, қия жерлердің өзінде де оны сол қалыпта ұстау керек. Егер де мойыны зақымданса, онда басты қозғалмайтындай етіп екі жағынан орама шүберекпен немесе құм қалталармен таңып тастаңыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Науқастың бөлімшеге жеткізу әдістерін науқастың
ауыр

Жағдайларына байланысты дәрігер анықтайды.Ең
қолайлы

Берік,сақтаныш – науқастарды каталкамен
тасымалдау.

Науқасты бөлімшеге тасымалдаудың әр түрінде
шығарып

Салушы науқасты және оның медициналық картасын
палаталық

Мейірбикесіне беруге міндетті.

Пайдалынган әдебиеттер



1. Интернет желісі

2. С.Қ Мұратбекова “Мейірбике ісінің
негіздері”



НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ!!!